

12005  
134105k

МУХТАР ДҮЕЗӨВ

Айнур











**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

М.О. ӘҮЕЗОВ АТЫНДАФЫ  
ӘДЕБІЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

«ӘҮЕЗОВ ҮЙІ» ҒЫЛЫМИ-МӘДЕНИ ОРТАЛЫҒЫ

# **Мұхтар Әүезов**

**ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ  
ЕЛУ ТОМДЫҚ ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫ**

**14-том**

**МАҚАЛАЛАР, ЗЕРТТЕУЛЕР, ПЬЕСАЛАР,  
ЛИБРЕТТОЛАР**

**1936–1939**

**АЛМАТЫ**

**“ЖІБЕК ЖОЛЫ”**

**2004**

**ҚАЗАҚСТАН ФЕДЕРАЦИЯК  
НАХПАТЫ**



821.572.122(081) Жуезов + 821.572.122-2 : 821.572.122-09

ББК 84 Қаз 7-44

Ә 82

Казақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің багдарламасы  
бойынша шыгарылып отыр

Әуезов М.

Ә 82 Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 14-т. —  
Алматы: "Жібек жолы" баспа үйі, 2004. — 376 б.

ISBN 9965-637-31-8

Мұхтар Омарханұлы Әуезов шығармаларының елу томдық академиялық толық басылымының 14-томына 1936—1939 жылдар аралығында жазылған макалалары, зерттеулері мен драмалық шығармалары еніп отыр. "Әблілдә ақын", "Геройдың мол бейнелі образы", "Зор бағалы сый", "Эпос и фольклор казахского народа" сиякты макала-зерттеулері мен "Ақан — Зайра" (қазақша), "Ахан — Зейра" (орысша) пьесасы және либреттосы қамтылған.

Кітап ғылыми жүртшылыққа, қалың оқырман қауымға арналған.

**ББК 84 Қаз 7-44**

Редакциялық кеңес:

Абдрахманов С., Әуезов М., Әкім Т. (жауапты хатшы), Бердібаев Р.,  
Кекілбаев Ә., Қабдолов З., Қанапанғанов Б., Қасқабасов С. (кеңес төрагасы),  
Қирабаев С., Қонаев Д., Құл-Мұхаммед М., Магаун М., Майтанов Б. (кеңес  
төрагасының орынбасары), Мұртаза Ш., Нұргалиев Р., Нұрлейісов Ә.,  
Оразалин Н., Сүлейменов О., Тасмагамбетов И.

Редакциялық алқа:

Елеуkenov Ш., Есім F., Құндақбаев Б., Нарымбетов Ә., Сыздықов К.,  
Ысмагұлов Ж., Ісімақова А.

Жауапты шығарушы — К.Рахымжанов


Колжазбаларды салыстырып, ғылыми түсініктемелерін  
жазғандар:

Ахетов М., Әбдіғұлов Р., Әкім Т., Болынбаева А., Қайышбаева Р.,  
Қанықейұлы Е., Қонаев Д., Куанышбаев А., Майлыйбай С.,  
Майтанов Б., Рахымжанов К., Тойшанұлы А.

Ә 4702250201  
430 (05) — 04 хабарланбаған — 2004

ISBN 9965-637-31-8  
ISBN 5-628-02141-5

© М.О.Әуезов атындағы Әдебиет  
және өнер-институты, 2004



**Мақапапар,  
зерттөүпөр**





## **ОН ПРЕВЗОШЕЛ ВСЕХ ГЕРОЕВ ЭПОСА**

Славу и гордость своей великой родины олицетворял подлинный герой, сын из орлиного гнезда героического народа Валерий Чкалов. На радость друзьям, на страх врагам гордо реял наперекор стихиям его отважный, ведомый сердцем и искусной рукой, волшебный крылатый конь, покрывающий невиданные дали. Великий порыв, неустрашимую волю, богатырскую силу сталинского поколения выражал и красочно доказывал миру любимец всех народов Союза, красный сокол Валерий. Звонкие песни народных певцов, радостный лепет наших детей, благодарность и радость, отцов и матерей приковывало к себе это дорогое имя.

Он — герой, превзошедший всех героев известного миру эпоса, сказаний и легенд.

Дали времен и народов соединились, как подкупающая своей силой героическая песня. Это — имя невиданного героизма и отваги. Оно стало бессмертным именем при жизни и в горестные дни. Пусть будет утешением для нас то, что оно останется немеркнущим именем на все времена.

## ЗОР БАҒАЛЫ СЫЙ

Бүгінгі күн үкіметтен зор бағалы сый алғып отырған біздің достарды мен шын жүректен құттықтаймын. Қазір жазушы атаулы барлығымыз осы тамаша жаңа хабардың әсеріндеміз. Сүйікті ұлы Отанымыздың көп тілді, бір мазмұнды совет әдебиеті үшін зор қуаныш қосылды. Ұлы одактың бар жерінен шығып бүтін мынадай сый алғып отырған барлық достар, барлық қалам серіктеріміз үшін қуаныштамыз. Салт-сана жүзінен, көркемдік тәрбие жүзінен Ұлы Октябрь өсірген совет халқының талантты, адап үлдары Ленин-Сталиннің ұлы идеясына өздерінің беріктігін дәлелдеген еді. Олар бақытты. Бақытты болғанда, тамаша енбектерін Ұлы Отаны, партия, совет жүртшылығы танып, сүйіп, қадірлеп, бағалағандықтан бақытты.

Дәл осы күндерде шет елдерде, фашистер зұлымдығы басқан мемлекеттерде халықтардың ең ардақты талантты үлдара қуғында. Терен ой, көркем, өткір өнердің иелері фашистер үстемдігі жүрген елдерде құлдықта жүргенде біздің бауырлас, көп үлтты социалистік отанымызда ұлы данышпан Сталин жолдастың экелік бейіл, назары арқасында барлық азат халықтардың жазушы үлдары өз отанының құрметіне ие болып отыр. Халықтың адап ұлы, совет мәдениетінің кайраткері, өршіл ақын өз жүргегінің соғуын социалистік отанының ұлы жүргегінің соғуымен үндес, үйлес деп сезе алса, көрсете алса, сонысымен сүйіндіре алса, жазушы үшін одан ардақты, одан жақын не бар. Жазушы үшін одан зор идеал, одан биік бақыт бола ала ма?

Біз, қазақ совет жазушысы атаулы, бүгін өзіміздің тәрбиешіміз – ұлы совет жүртшылығымен бірге орден алған жазушының әрқайсысы үшін де қуанамыз. Олардың әрқайсының шығармалық жеке енбектерімен қатар, барлық тамаша совет әдебиеті үшін қуанамыз.

Сол жалпыға ортақ қуаныш қазір көз алдымызда отырған

сый алған қазақ жазушыларын көргенде, өсіреке жалынды, жақын қуаныш болып сезіледі. Бұрын екі орден алған алып картымыз Жамбылдан бастап<sup>1</sup>, мына бүтін қосылған Аскар, Әбділда, Тайыр, Әлжаппар және Саяділ — барлығы да өздерінің көркем шығармалық еңбектерімен біздің советтік әдебиетіміздің мактаны болып отырган адамдар.

Еңбекші қазақ халқының ұлдары, Октябрь өсірген ұллар— үлгар өздерінің үлгілі, талантты еңбектерінің орайына қазір зор бақытқа жетіп отыр. Ол бақыт — Отанның үлдардың еңбектерін танып, сүюі, зор бағалауы.

Енді осы ұлы сый үлдардың бұдан байлайда осындай қасиетті еңбек жолында адымдап өсуіне кепіл болсын. Илея жағынан зор бағалы, көркемдік жағынан мінсіз, шебер және зор мәдениетті поэма, әңгіме, роман, пьесалар шығаруларына себепші болсын. Тамаша еңбек жолында Ленин-Сталиний ұлы идеяларын іске асыру жолында табаны таймай, шарықтап өсулеріне себепші болсын.

## ӘБДІЛДА АҚЫН

Ақыннан оқушының, сынның, жүртшылықтың қолқасы не? Аз айт, көп айт – есте қаларлықтай айт. Бой шымырлата айт, ой сала айт, толғана айт, толғанта біл. Ол үшін өзің толғанып айт, шабытпен (вдохновением) айт. Бұрын естілгенді, мәлімді көпке мәлім түрде, екінің бірі қолы жетерлік түрде жалынсыз, жансыз айтпа – қайталама, қайта тебіндеме. Сары жүртқа қонба. Шиір бар да, соны бар. Шиір баспа. Поэзияның көк каска, мәлдір бұлағы бар. Терренен, жүректен, қайнар козден шығып жатқан, жайнай ақкан тас бұлак. Сол соныға аяғы жеткен барады, сол бұлактан қолы жеткен іshedі. Міне, сүйген ел, сүйіндірген құнінді, құндей жарқын еріnlі жырлаганда “койши коңыр” бұлеккеке салмай, “ит жортакқа” салмай, ескектеп есіп, шалқи біл. Сөзің жүргегінің, кан тамырыңның соғуындан лұпіл қаккан, тыныс алып, бусанып тұрған шының болсын. Жырың – асылды шакпак тасқа ұргандай ұшқын төгіп тұрған өзгеше және өзіндікі болсын. Ол үшін тағы да терең тебіреніп айт, шабытпен айт. Әбділданы оқығанда, тыңдағанда осындаш шынишыл, тыңды айтатын және іштей үлкен толғануы бар жалынды ақын деп сезінесің. Себебі құшті ақын. Ол Отанын етбауыр жақын анасындаі сезініп, шымырай, шырқай сермей алады. Жауға, жаулыққа қаптаса ширыға, кектене, ызалаған соктығады. Бұрынғы мен бүгінгінің, бүгін менен келешектің жалғасқан, астасып қайнасқан ұлы арқауын айтам десе, толғана жырлап, соны сарын, әсерлі әсем саз таба алады. Ол халық мұрасынан өзінің поэзия бесігін мықтап тауып, сонымен іштей үнемі жалғасып, үнемі көз алдында сақтап отырғандай көрінеді. Бұл жалғас біздің Аскар, Тайырда да бар. Бірақ осы үшеуінің сол жалғасы үш алуан. Тайыр өзінше, Аскар о да өзінше, Әбділда және басқаша жалғасады. Қысқа, айқын белгіні айтсақ, Әбділда жаңа үлгімен, оптимистік екпінмен толғанатын ақын. Сонда “толғай” са-

зын сапаландырып, өсіріп, жаңғырта дамытып әкетіп бара жатқан ақын. Соны революция лирикасына айналдырып, казактың социалистік поэзиясына әсерлі, сапалы көркем бір ағым кіргізіп келе жатқан ақын.

Оның үстіне Әбділда советтің басқа барлық жазуны ақынындай тел емген ақын, халық пен мәдениетті совет поэзиясынан, классик поэзиядан барынша, молынша төрбие-тәлім алып өсіп келе жатқан ақын. Мұнысы мәдениетті ақын болуы, Әбділданың, өсіресе, өзгеше ірі қасиеттің бірі. Бұл жолда ұзак оріс, үлкен өнім табатын, сонысымен бүтінгі советтік қазақ поэзиясын тағы да көркейте түсіп, алқүрен әдемі жана белге, жасыл соны белге шығарарлық серпіні бар. Дүние әдебиетінің классиктерінен Гейне, Шевченко арқылы, совет поэзиясының аса ардакты, әсерлі, ыстық отты ақыны Эдуард Багрицкиймен<sup>1</sup> көп иық сүйескендей болады.

Озге жас ақындардай Әбділданын да бергенінен берешегі, бүтінгі табысы-жеңісінен келешегі, өсіресе көп үміт еткійін, көп көрік күткізеді.

Әблілда дәл қазірде сол келешек өнімді еңбектерге құлашын көң жайып, үлкен әзірлік үстінде түрған сиякты. Соңғы жыл жарым, екі жылдың творчествоның жайті сондай. Осы мезгіл ішінде ол ақындық туындысы етіп “Екі жиһанды” берсе және өз шығармаларының ішінде аса бір көркем, күрделі еңбек болғалы түрған “Құрманғазы” поэмасын жазып келе жатса, осылармен катар ол биылдар проза да және өсіресе, драматургияға араласты. Өзі шактап, бірақ шындал айтқанда поэзиясын: “жазуиылығымның басы деп санаймын” дейді. Мұнысы “болдым”, “біттім” деп жеткеніне жетісіп, бөгіп қалғандық емес, еңбекке, өсуге, ұзактан өрістеуге өзіне-өзі путевка белгілеу. Қогамы, Отаны үшін ететін зор сапалы еңбекке шабыттанып, алға қарай бой үршін, кайрат, от жиып айтып отырғаны. Бергенінен берерімді асырсам, үлғайтып, тереңдетіп әпкетсем деген оптимист ақынның жүртшылығы мен өз қүшіне мықтап сенгені. Дами сойлеғен, өрлей өскен жазушының програмы.

Мен Әбділдамен драматургияда аз уақыт бірге қосылмын жазып көрдім. Соны, жана жанрда алғаш жазғаны сол болса да, осы бірге істескен еңбек үстінде Әбділданың шалым-орамын, талант-тәжірибесін толық танып, шын бағаладым.

Әбділданың әзіргі ең жаңа жанры проза. Ол “Тұыскандар” деген роман жазып жүр. Мұның да әзір жазылған бірнеше жерлеріне қарағанда роман шығады, мейлінше шығара алады деп сенемін.

Рас, Әбділда бұл сонғы жанрларда әлі толық шынығып, пісіп болған жоқ. Ол жөнде жаңағы өзі айтқан, өзінен-өзі белгілеген өрісін шын мақұлдаймыз.

Сол ретте поэзияда сюжетті үлкен поэманды қамты, “Депутат” деген пьеса жазбақсың – онда совет интеллигентінің үлкен бейнесін бер, прозада идея жағынан зор салмақты, көркемдік жағынан шын шебер, мінсіз роман, әңгіме бер дейміз. Соны шындал, мәдениетінді өсіріп өзің-өзің қоятын, жүртшылықтың қоятын талап шартты жауапты түрде сезініп, бұл күнге шейін жазғаныңа тойып, қанағаттанып қалмай, еңбек етсең – жаңағы айтқанның бәрін де бересің, сен шын бере аласың деп сенеміз.

## ЛЕНИН ҰЛЫ ИДЕЯСЫНЫҢ ЕСКЕРТКІШІ

Бүгін жер жүзінің еңбекші адам баласын жарық күнге бастаған, жарқын жүзді ұлы данышпан көсем Лениннің қайтыс болғанына 15 жыл толды.

Өлді деуге бола ма айтындаршы?

Өлмейтүғын, артында із калдырган — деген Абайдың сөзі бар. Бірақ бұл шамалы, шағын жақсыға да айтылатын сөз. Ал, бүкіл дүние жүзінің, есімі адам баласының көптен көбіне ардакты Ленинді бұл өлшеумен өлшемейміз. Ол “із”ғана қалдырган жоқ. Ол өзінің артында сөнбес жарық, мысалы күндей, айдай нұр сәуленің жолын калдырды. Ол өзінің артында көп жаңа жиһан, мол дүние калдырды — бұл жер шарының алтыдан біріне орнаған социализм. Ол өзінің артында көзі тірісінде соңына еріп, өзі жоқта соның ұлы шәқіртінің басшылығымен өзгеше, басқаша алыптардың аскар тарихын жасап келе жатқан талай жүз миллиондарды қалдырды.

Мұның бәрін, әрине “із” ғана деп қою аз ғана. Мұның бәрі өшпейтін, кайта күн-күн сайын дамып, өзгеріп, шалқып, сермеп, ұлгая беретін ескерткіштер. Өзгелердің ескерткішінен тағы өзгешелігі тірі жанды, өндімелі, ұдайы өскелең ескерткіштер. Данышпан атаниң шын ескерткіші, барлық санасы ашылған еңбекші адам баласының жүргегінде. Жаңа біздің ұлы Отанымыздың барлық бауырласқан халықтары болып, көркейтіп жасап келе жатқан социализм құрылышының әрбір саласында.

Бұған ауыр өндірістен де, ауылшаруашылығынан да, мәдениет құрылышынан да партия басшылығымен ойдағыдай орындалған талай-талай табыстарды, женістерді мысал етуге болады. Сол барлық мысалдар Советтер Союзының бұрынғы қараңғы, мешеу обыр, озбыр патшалық қүйінен ғасырлар бойы қара үзіп, ұзап кеткенін көрсетеді. Көп өндіріс табыс жәнінде біздің отан Еуропаның алдына түсіп, бүкіл

дүниес көлемінде кейде бірінші, кейде екінші орын алғып отырады.

Мен бұл реттегі көп цифр мысалды санамай, бір ғана белгіні айтып өтпекпін. Ол мәдениет саласының белгісі. Бұрынғы-соңғы мөлшердің барлығында да бұрынғы дәрежелі мектеп, және соңда оқитын адам саны барлық мемлекеттерге ен бір үлкен сын белгі болатын, ендеше қазірде Англия, Франция, Германия, Италия, Жапония – барлығында жоғарғы дәрежелі мектептерде оқитын адам санының жиыны 400 мың болғанда, бізде, жалғыз біздің Союзда, сол оқушылар саны 600 мыңдан асады екен.

Өзге емес осы бір-ак цифрдың өзі де Ленин жолының көп ескерткішінің бірі болуымен бірге жау атаулының қайсысын болсын ауызға ұрғандай. Мәдениет, білім табысы, кеше ғана ғасырлар бойының қарандылығында қамалған қалың еңбекші халықтардың табысы. Ленин-Сталин партиясы әкеп берген табыс.

Міне, осы жол, осы қарқынмен қанат сермеп, қасқарып үшқан біздің тарих ілгері басқан сайын, жылдан жыл асқан сайын ұлы көсем Лениннің жолы мен атына сай ескерткіштерді сан-саладан мың-мыңдарап орнатса бермек, өрлей бермек. Бұл ретте осы өткен 15 жылдың ішінде ұлы Сталин жолдас басшылығымен, Ленин нұсқаған даңғыл бетпен – жыл сайын туып жатқан жаңалық, зор істер, зор белгілер көптен-көп. Дәл осы 15 жылдың өзін алғанда сондай ұлы ескерткіш, үлкен белгінің бірі – партияның Сталин даналығымен жасаған тарихы болып отыр. Лениннің өзі бардағы ісі мен жолы, өзі кеткен соң ұлы шәкірті Сталин басшылығымен қалайша құлаш сермеп келе жатқанын анық дәл танытатын большевизмнің дана кітабы осы. Бұл басынан аяғына дейін Лениннің теңіздей терең ойын, қырымдағыны көретін қыран көзді қөрегендігін, толық тұлғалы ұлы данышпан күшін дәлелдеп шығатын кітап.

Бұл кітап қана емес, большевизмнің ұлы идеясын танудағы тамаша құрал. Сол идеяны баурау жөнінде партия мен бар халық және өсіреле совет интеллигенциясы бұл кітапты зор құрал етпек. Ленин жолын тануға талабы бар, өмірғын тасасы бар, өз халқының табысына сүйсінері бар, жаңа бүкіл дүние еңбекшілерінің тағдыры мен тартысында

тілеуlestігі бар адамның қайсысын болса да партияның осы қыскаша тарихы қызықтырмай, жетелемей қоймайды.

Революцияның, социализмнің философиясы – диалектикалық материализм жөнін айта келгенде “Демек, саясатта кателеспес үшін, артқа емес, алға қарау керек” деген сиякты корытынды түйіндердің озі-ақ өмірді алға, алысқа, зор мұратка бастаған жол екенін танытады. Партия тарихы құрғана оку құралы емес – оның шығуы барлық пропаганда жұмысының өзгеруін тілейді. Осыны әсіресе идеология жолында істейтін партия одағы және партияда жоқ большевиктердің барлығы да түсінуі қажет.

Сол ретте жазушылар үшін қыскаша тарихтың айрықша маңызы бар. Ол жазушылық шығармалық жолда жаңа өріс көрсетумен бірге бұл күнге дейін дүдәмал көрінген көп үлкен проблемаларды шешіп береді.

Партия тарихын, Ленин-Сталин жолын оқып, танып, большевиктік партияның философиясын білмесен тіпті бүгінгі жазушы бола алмайсын. Өйткені партия тарихы – революция теориясы болмаса революция практикасы болмайтынын танытып оқытады.

Сонымен қатар бар жайын танып, ойланып, корытып шығып, өзің істеп келе жатқан салада құрғана бір үстірт қолданушы болмай, теренінен өнімді жолмен қолданушы болуың керек. Өйткені “... марксік-лениндік теория – догма емес, іске басшылық”, сондыктан әдебиеттің алдына қойылатын жаңа міндет – біздің шындықтың жайына жаңа білім беріп, марксизм-ленинизмді сол жаңа біліммен байыта түсетін болу шарт.

Осы жолда зор үлгіні пролетариаттың ұлы жазушысы Горький көрсеткен еді. Оның “Ана” деген атакты повесі большевиктер тактикасымен, партияның геройлық ісін тамашалап жазған шығарма еді. Ол уақыт, Г. Плехановтың большевиктердің “қаруға үмтүлу керек емес еді” деп табалап жүрген кез болатын. Ленин Плехановқа қатты ашуланып: “Ресейдің жұмысшы табы аспанға да шабуыл жасай алатынын бір рет көрсетті, әлі де талай рет көрсете алады” деген еді. Горькийдің “Анасы” дәл Лениннің осы пікірін көркем тұлға, үлкен кескінмен көрсеткен шығарма еді.

“Жазушы — адам жанының инженері “деген абзацпен айтқан сөзінде ұлы көсем Сталин жолдас жазушының ең жауапты, ең терен өзгешелігін айтты. Ол жазушы барынша терең болсын, шебер болсын деген бағыт берді. Өйткені, адам жаны, адам денесінен қын да, өзгешерек те. Доктор атаулының барлығы қанша айтқанмен адамның анатомиясы мен физиологиясы негізінде бірқалыпты заттар. Инженерге де белгілі агрегат — негізінде қалыпты заңнан аумай құрылатын зат. Онда қайталау, копиялар жасау занды. Ал адам жаны деген, адам мінезі, ішкі жаратылысы оншалық көп қайталай бермейді. Ендеше әр адамды жазғанда қайталамай, штамплен түсалып калмай өсе біл, өнди біл деген сөз ғой. Тоқсан жыл жазсаң да, тоқсан шығарма жазсаң да қайталауга, сар жұртты қайта жағалауга, қайта тебіндеуге лайық емес, жол жоқ деген ғой. Бұл даусыз шын емес пе? Жаңа жазушылық еңбегінің ең сүйікті қасиеті осында емес пе? Тек осының актайды алу шарт. Осы жолда Ленин-Сталин жолының партия тарихында соншалық айқын, конымды боп жазылған диалектикасынан оқу шарт.

Сонда ғана біз пропаганданың ең күшті құралының бірі — көркем абзацпен үгіттейтін үгітші екенімізді анық түсінеміз. Тарих алдында, қоғам алдында Ленин-Сталин жолының нәрлі қайраткері боламыз.

## ГЕРОЙДЫҢ МОЛ БЕЙНЕЛІ ОБРАЗЫ

Жұртшылық көптен күткен “Амангелдіні” қуана қарсы алып, қызыға көріп отыр. Көруде ең алғаш ойға келетін бір нәрсе, осы картинаны осындай қып істеп берген коллективтің енбегінің жайы. Байыпты, талантты режиссері Левиннен бастап, атақты герой образына барын-жанын салып ойнаған Елубайдан бастап барлық коллективіне көп-көп алғыс айтқым келеді.

Фильм зор шындықтың айнасы. Тарихи терең сырлы, ұлы қолемді, мол бейнелі шындықтың фильмі. Ол шындық калың ел, қамалған бұқараның Ленин-Сталин жолындағы нұрлы құнғе сусап, соны кеп тапқандығы турасындағы шындық. Бұл жағынан алғанда фильмде жасама бояу, әшекей сияқты жалған көрік жоқ. Барлық бүйімімі дәл жаңа өмірдегідей қонымды, орынды. Осы мағнаның барлығын бір ортага жиып, айқын қып, сүйікті қып көрсеттін Амангелдінің өз образы. Қазір ең алғашқы әсерді шолак түрде айтып отырмыз. Кейіннен, өзге қелешек істерге үлгі болу жонінде бұл фильм жайынан молырақ пікірлер айту даусыз қажет. Амангелді образын жасауда Елубай, қысқа айтқанда, естен кетпес аса қымбат еңбек еткен. Герой жайындағы фильмнің қалпынан шыққан жалындаған геройы даусыз бар. Өз лайығынша, өз орынша осымен тен ойын Амангелдінің достары, жақындарының ойыны. Бұлардың да өзінше сүйікті, сыншыл, жанды бейнелері бар. Жаулары да осал емес. Ол жақтан әсіреле айқын, күшті, зәрлі көрінген Жапар-Қанабек<sup>1</sup>, Жакас-Құрманбек<sup>2</sup> және Қалыбек<sup>3</sup>, Қапан<sup>4</sup> ойнаған образдар. Фильмнің бүтінгі қалпында аз да болса кемшілік сияқты көрінген жерлері, павильон суреттері аздықтан ба, барлық бояуы сұргылттау сияқты, айқыны аздау. Онан соң Алатаудың табиғат көркі көп көріне алмаған сияқты. Монтаж кемшілігі оқигалардың бірталайын онша түсінікті етпей, бірден

бірге тез секіртіп, жедел қуып әкетіп, кейде оқиғаға таныс емес адамның ұғымына ауырлау етіп кеткен. Кейбір аса қымбат көріністері тым аз, шапшаң бітіре жөнеліп кетіп отырған бар сияқты. Әсіресе жетісе қоймағандық музыкасында. Қазақ халқының ен дария әдемі, әсем әндерінің бірде бірін кіргізсе нетер еді? Сонымен бірге барлық фильмдердегі бар халық айтып кететін етпес пе еді. Амангелді атын о да есте қалдыра түспес пе еді?

Осындай бірер жағы болмаса, фильм зор қуанышпен құттықтай карсы алатын фильм болды. Сөз аяғында айтармыз: “Амангелді” ерте шығу керек еді, қазақ халқының өмірінен алынған ең бірінші фильм енді ғана шығып отыр. Осы кешіккеннің орайын тез кайыру үшін Қазақстан жайынан оның бүгінгі зор табыс күндерінде, бүгінгі елдерге арналған “Амангелдідей” кесек-кесек фильмдерді енді жедел шығаратын болайық.

# **ЭПОС И ФОЛЬКЛОР КАЗАХСКОГО НАРОДА**

в соавторстве с Л.Соболевым<sup>1</sup>

Великому Абаю, поэтической душе и мудрости казахского народа, принадлежит изречение: “Мир – океан: времена, как ветры, гонят волны поколений, сменяющих друг друга, и в этом – круг вечности”<sup>2</sup>. “Волны поколений” оставляют на берегах истории бесценные жемчужины искусства. Это – архитектурные памятники древности, греческие храмы, египетские пирамиды, китайские пагоды<sup>3</sup>, живопись, музыка или скульптура, долговечность мрамора и камня, доверившая свой рассказ о человеке ушедших времен. Но самые драгоценные из этих жемчужин – те, в которых дух и разум человечества живут в самой выразительной и самой полной форме, в форме неувядаемого и понятного всем поколениям художественного слова.

Вглядываясь в глубокое мерцание этих жемчужин, хранящих в себе отсветы прошлого, мы проникаем взглядом через века, – и давно ушедшая жизнь встает перед нами во всей полноте и сложности своей. Эпос, бессмертный и мудрый рассказчик о прошлом, доносит до нас дыхание веков, и человек оживает перед нами со всеми своими мыслями и чувствами, со всей своей неистребимой мечтой о счастье и вековой борьбе за него.

Казахский народ – трагический странник, в поисках за счастьем кочевавший по степям и столетиям, – не мог оставить нам памятников архитектуры, скульптуры, живописи. Но он оставил нам самые драгоценные памятники художественного слова. Народ-певец, народ-поэт – он со всей силой своего поэтического гения, присущего ему с древнейших времен, выразил свой дух в бессмертных творениях – в эпических поэмах, в бесчисленных и многообразных народных песнях.

Поэтический дар казахского народа вызвал к жизни особый тип поэта, сохранившийся до наших времен, тип акына-певца – импровизатора и хранителя созданных до него поэтических сокровищ. Именно акынам мы обязаны возникновением и сохранением до наших дней лучших образцов народной поэзии. “Мать дороги – копыто, мать слова – ухо”, – говорит казахская пословица: акын не только создавал свои собственные песни, но и прислушивался к песням, спетым джигитами, девушками, женщинами и стариками по поводу событий их личной жизни – смерти, рождения, свадьбы, прощания. Акын, взыскательный и строгий собиратель, вместе со своими песнями повторял и эти, найденные им в самом народе, и безымянная песня в передаче акынов летела по степи – из края в край, по времени – из века в век.

Кто-то из акынов первый догадался объединить бытующие в народе прощальные и поминальные песни о каком-то герое, связать их единой сюжетной нитью, расцветить собственными образами и положить этим начало первой эпической поэме. Переходя от одного акына к другому складывающаяся поэма обрастала деталями, ширилась в сюжете, обогащалась творческой передачей последующих акынов. Народ вместе с акынами участвовал в создании эпической поэмы, принимая или отвергая различные ее варианты, пока в этом “естественном отборе” не складывался окончательный, более или менее устойчивый вариант, который и становился каноническим, обязательным для всех передающих его акынов.

Роль акынов, как хранителей эпоса и фольклора, особенно подчеркивается тем, что возможность записи и издания казахских эпических поэм и фольклора появилась только в середине девятнадцатого века. Таким образом, до этого времени эпос сохранялся исключительно благодаря акынам. Понадобились века, чтобы поэтические сокровища, созданные и сохраненные казахским народом, могли стать известными другим народам, могли занять в мировой литературе подобающее им место. Только в условиях социалистической культуры казахский эпос и фольклор получили настоящую